

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі  
«Қазгидромет» РМК Маңғыстау облысы бойынша филиалы



**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ  
БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА  
ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ  
АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ**

3 тоқсан 2024 жыл

Ақтау, 2024 жыл

	<b>МАЗМҰНЫ</b>	<b>Стр.</b>
	<b>Алғы сөз</b>	3
<b>1</b>	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
<b>2</b>	Ақтау қаласының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
<b>2.1</b>	Ақтау қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі	6
<b>2.2</b>	Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	7
<b>2.3</b>	Бейнеу кентінің атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	8
<b>3</b>	Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы	10
<b>4</b>	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	10
<b>5</b>	Тұптік шөгінділер сапасының жай-күйі	11
<b>6</b>	Топырақ сапасының жай-күйі	12
<b>7</b>	Радиациялық жағдай	13
<b>8</b>	<b>1 Қосымша</b>	14
<b>9</b>	<b>2 Қосымша</b>	16
<b>10</b>	<b>3 Қосымша</b>	17
<b>11</b>	<b>4 Қосымша</b>	19

## **АЛҒЫ СӨЗ**

Ақпараттық бюллетенің ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіне қоршаған орта жай-күйіне экологиялық мониторинг жүргізу жөнінде «Қазгидромет» РМК арнағы бөлімшелерімен орындалатын жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетенің Маңғыстау облысы аумағындағы (Ақтау қ, Жаңаөзен қ және Бейнеу кенті) қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, қоғам мен халықты ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінің өзгеру тенденциясын ескере отырып ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалауға мүмкіндік береді.

## **Маңғыстау облысының атмосфералық ауасының сапасын бағалау**

### **1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері**

"Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті" РММ деректеріне сәйкес облыс аумағында қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын 70 ірі кәсіпорын жұмыс істейді. Бұл кәсіпорындардан шығатын ластаушы заттардың нақты жиынтық шығарындылары 79,04 мың тоннаны құрайды.

PM-2,5 және PM10 қалқыма бөлшектері концентрациясының артуы Маңғыстау облысының климаттық жағдайларына байланысты. Әсіресе желдің жылдамдығы 15-18 м/с жеткен күндерде байқалады.

### **2. Ақтау қаласының атмосфералық ауа сапасын бақылау**

Ақтау қаласы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 бақылау бекетінде жүргізіледі, яғни 2 сынаманы қолмен іріктеу бекеті және 2 автоматтық станция (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 10 көрсеткішке дейін анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шан); 2) PM-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) PM-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) күкірттісутек; 9) күкірт қышқылы; 10) озон.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналаскан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат көрсетілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	қол күшімен алынған сынама	Ақтау қаласы, 1 шағынаудан, № 3 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірт қышқылы
4		Ақтау қаласы, 22 шағын аудан № 22 мектеп аумағында	
5	үзіліссіз режимде әр 20 минут сайын	Ақтау қаласы, 12 шағын аудан	күкірт диоксиді, күкіртті сутек, көміртегі оксиді
6		Ақтау қаласы, 32а шағынауданы	қалқыма бөлшектер (шан), PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, күкірттісутек, озон(жербеті), көміртегі оксиді

### **2024 жылдың 3 тоқсанындағы Ақтау қаласының атмосфералық ауа сапасын бақылау нәтижелері.**

Бақылау желісінің деректері бойынша Ақтау қаласының атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=5,7 (жоғары деңгей) және ЕЖК=7% (көтерінкі деңгей) мәнімен күкіртті сутегі бойынша № 5 бекет аумағында (12 шағын аудандан) анықталды.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: күкіртті сутегі – 5,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды:

PM-10 қалқыма бөлшектері – 3,35 ШЖШ<sub>о.т..</sub>

Экстремалды жоғары және жоғары ластану жағдайлары (ЭЖЛ және ЖЛ): ЖЛ (10 ШЖК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖК астам) жағдайлары анықталмады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.


2 кесте

### Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғары бір реттік шоғыр		ЕЖК	ШЖШ арту жағдайларының саны			
	МГ/М <sup>3</sup>	ШЖШ о.т.асу еселігі	МГ/М <sup>3</sup>	ШЖШ м.б.асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ	
								>10 ШЖШ	
Ақтау қаласы									
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,03	0,20	0,25	0,50	0				
PM-2,5 қалқыма бөлшектери	0,001	0,03	0,015	0,09	0				
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,20	3,35	0,21	0,71	0				
Күкірт диоксиді	0,01	0,27	0,05	0,11	0				
Көміртегі оксиді	0,51	0,17	4,39	0,88	0				
Азот диоксиді	0,02	0,61	0,07	0,33	0				
Азот оксиді	0,01	0,23	0,04	0,09	0				
Озон	0,01	0,19	0,04	0,23	0				
Күкіртті сутегі	0,003		0,05	5,7	7	490	1		
Күкірт қышқылы	0,04	0,41	0,07	0,23	0				

### Қорытынды:

Соңғы бес жылда ауаның ластану деңгейі 3 тоқсанда келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 3 тоқсандағы ластану деңгейі соңғы бес жылда өзгерген жоқ және 2023 жылдан басқа жоғары деп бағаланды, мұнда деңгей жоғарылаған.

Максималды-бір реттік ШЖШ арту жағдайларының саны төмендегілер бойынша байқалды: күкіртті сутек (490 жағдай).

Орташа тәуліктік ШЖШ асу еселігі РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша байқалды.

## **2.1 Ақтау қаласының эпизодтық бақылаулар деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі**

Стационарлық бақылау бекеттерінен басқа Маңғыстау облысында жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу Қошқар ата к/к (1 нүктө) және Ақтау қаласында (3 нүктө) жүргізілді. Анықталатын қоспалар: 1) қалқыма бөлшектер (шан); 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) күкірттісугеңек; 7) көмірсугеңектер сомасы (3 кесте).

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады.

3 кесте

### **«Қошқар-Ата» к/к эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры**

Анықталатын қоспалар	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,069	0,138
Күкірт диоксиді	0,005	0,011
Көміртегі оксиді	3,22	0,64
Азот диоксиді	0,017	0,087
Азот оксиді	0,014	0,034
Күкіртті сутегі	0,004	0,523
Көмір сутегі сомасы	1,54	-

### **«Ақтау» к/к эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максимальды шоғыры**

Анықталатын қоспалар	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,081	0,162
Күкірт диоксиді	0,005	0,011
Көміртегі оксиді	3,46	0,69
Азот диоксиді	0,015	0,074
Азот оксиді	0,008	0,019
Күкіртті сутегі	0,004	0,521
Көмір сутегі сомасы	1,23	-

### **Ақтау қаласының метеорологиялық жағдайы.**

З тоқсанда облыс бойынша ауаның орташа температурасы +18,0+30,4°C

құрады, бұл норма шамасында (норма: +18,6+30,1°C).

Облыс бойынша 3 тоқсанда жауын-шашын нормаға жуық түсті. (норма: 8-13 мм). АМС Құрық 20,1 мм, АМС Опорная 20 мм, МС Сам 10 мм жауды бул нормадан артық 16-50% құрады.

Маңғыстау облысының аймағы жер беті барикалық өрістердің өзгеріуіне байланысты тұрақсыз ауа райы сақталып, ауа температурасының ауытқуы, жауын-шашын, тұман, шанды дауыл бақыланып, желдің күші 15-33 м/с жетті. АМС Аққұдық, АМС Болашақ, МС Қызын, ГМС Ақтауда қатты ыстық 42 градус бақыланды.

Күндіз 12 тамызда Опорная АМС-да желдің екпіні 33 м/с АГҚ байқалды.

3 тоқсанда қолайсыз метеорологиялық жағдайлар (ҚМЖ) болған жоқ.

## 2.2 Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа сапасын бақылау

Жаңаөзен қаласы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 2 автоматтық бақылау бекетінде жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 6 көрсеткішке дейін анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шан); 2) қүкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) қүкіртті сутек; 5) озон; 6) гамма-сәулеленудің эквивалентті дозасының қуаты.

4-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат көрсетілген.

4 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	ұзіліссіз режимде әр 20 минут сайын	әкімшіліктің маңы	қалқыма бөлшектер (шан), көміртегі оксиді, озон (жербеті)
2		Махамбет к-сі 14 Амектеп	қүкірт диоксиді, көміртегі оксиді, қүкіртті сутек, озон (жербеті), гамма-сәулеленудің эквивалентті дозасының қуаты.

## 2024 жылдың 3 тоқсанындағы Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа сапасы мониторингінің нәтижелері.

Бақылау желісінің деректері бойынша Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=3,7 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) мәнімен анықталды.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: қүкіртті сутегі – 3,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: озон (жер беті) – 1,20 ШЖШ<sub>о.т.</sub>.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану жағдайлары (ЭЖЛ және ЖЛ): ЖЛ (10 ШЖКК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖКК астам) жағдайлары анықталмады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте

## Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ о.т.асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ м.б.асу еселігі		%	> ШЖШ	>5 ШЖШ
	оның ішінде							
<b>Жанаозен қаласы</b>								
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,04	0,24	0,06	0,11	0			
Күкірт диоксиді	0,02	0,30	0,45	0,90	0			
Көміртегі оксиді	0,31	0,10	4,85	0,97	0			
Озон	0,036	1,20	0,12	0,74	0			
Күкіртті сутекі	0,001		0,03	3,7	1	44		

### Қорытынды:

Соңғы бес жылда ауаның ластану деңгейі 3 тоқсанда келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 3 тоқсандағы ластану деңгейі соңғы бес жылда өзгерген жоқ және көтеріңкі деп бағаланды.

Максималды-бір реттік ШЖШ арту жағдайларының саны төмендегілер бойынша байқалды: күкіртті сутек (44 жағдай).

Орташа тәуліктік ШЖШ асу еселігі озон (жер беті) бойынша байқалды.

### 2.3 Бейнеу кентінің атмосфералық ауа сапасын бақылау

Бейнеу кенті аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 автоматтық бақылау бекетінде жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша 8 көрсеткішке дейін анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шан); 2) PM-2,5 қалқыма бөлшектері; 3) PM-10 қалқыма бөлшектері; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) күкіртті сутек; 7) озон; 8) аммиак.

6-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат көрсетілген.

6 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама алу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
---	------------	------------------	----------------------

7	ұзілсіз режимде әр 20 минут сайын	Бейнеу қ, Қосай ата 15 (Ы.Алтынсарин мектебі)	қалқыма бөлшектер (шан), РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутек, озон (жербеті), аммиак
---	-----------------------------------	---	---

## 2024 жылдың 3 тоқсанындағы Бейнеу кентінің атмосфералық ауа сапасы мониторингінің нәтижелері.

Бақылау желісінің деректері бойынша Бейнеу кентінің атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, **СИ=1,5** (төмен деңгей) мәнімен күкіртті сутегі бойынша анықталды және ЕЖҚ=0 % (төмен деңгей).

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: күкіртті сутегі – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 1,06 ШЖШ<sub>м.б..</sub>.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары төмендегілер бойынша байқалды: озон (жер беті) – 1,84 ШЖШ<sub>о.т..</sub>.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану жағдайлары (ЭЖЛ және ЖЛ): ЖЛ (10 ШЖҚ астам) және ЭЖЛ (50 ШЖҚ астам) жағдайлары анықталмады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 7-кестеде көрсетілген.

7 кесте

### Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ		%	>	>5
		о.т.асу еселігі		м.б.асу еселігі		ШЖШ	ШЖШ	ШЖШ
<b>Бейнеу кенті</b>								
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,011	0,07	0,34	0,69	0			
РМ-2,5 қалқыма бөлшектері	0,008	0,24	0,05	0,31	0			
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,015	0,25	0,19	0,63	0			
Күкірт диоксиді	0,008	0,16	0,02	0,04	0			
Көміртегі оксиді	0,862	0,29	1,28	0,26	0			
Озон	0,055	1,84	0,11	0,71	0			
Күкіртті сутегі	0,002		0,01	1,5	0	6		
Аммиак	0,013	0,34	0,21	1,06	0	1		

### Қорытынды:

Соңғы бес жылда ауаның ластану деңгейі 3 тоқсанда келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, ластану деңгейі соңғы бес жылда З тоқсанда өзгерген жоқ және көтеріңкі деңгей бағаланды, тек 2024 ж ластану деңгейі төмен.

Максималды-бір реттік ШЖШ арту жағдайларының саны төмендегілер бойынша байқалды: күкіртті сутек (6 жағдай) және аммиак (1 жағдай).

Орташа тәуліктік ШЖШ асу еселігі озон (жер беті) бойынша байқалды.

### **3. Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы**

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияда (Ақтау, Форт-Шевченко) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 33,91 %, сульфаттар 18,75%, хлоридтер 16,98 %, натрий иондары 8,95 % және кальций иондары 10,42%, нитраттар 2,32 %, магний иондары 3,10 %, калий иондары 4,97 %, аммоний 0,61 % басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Ақтау МС – 202,2 мг/л, ең аз Форт-Шевченко МС – 158,8 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашынның үлесті электр өткізгіштігі 288,5 мкСм/см<sup>-ден</sup> (Форт-Шевченко МС) 345,0 мкСм/см (Ақтау МС) дейінгі шекте болды.

Түскен жауын-шашын қышқылдылығы 7,5 (Форт-Шевченко МС) – 7,5 (Ақтау МС) аралығында өзгерді.

### **4. Манғыстау облысының аймағындағы жер үсті сулар сапасының жай-күйі**

Манғыстау облысы бойынша теңіз үсті суларының сапасына бақылау Каспий теңізінің 28 нүктеде жүргізілді.

- жағалаулық станциялар: Ақтау қ, демалыс аймағы (2 нүктө), Ақтау қ, порт аймағы (2 нүктө), Құрық қ. (3 нүктө), жағалаулық станциялар: Форт-Шевченко (1 нүктө), Фетисово (1 нүктө), Жығылған (1 нүктө), Шақпақ-Ата (1 нүктө), Канга (1 нүктө), Қызылөзен (1 нүктө), Саура (1 нүктө), Некропол-Қалың-Арбат (1 нүктө), Тасшынырау (1 нүктө), Суат (1 нүктө), мыс Арады (1 нүктө), маяк Адамтас (3 нүктө),

Кара Богаз шығанақ аймағы (1 нүктө), Қызылқұм (1 нүктө), Солтүстік Кендерлі (1 нүктө), Оңтүстік Кендерлі (1 нүктө); кен орындары – Қаражанбас (1 нүктө), Арман (1 нүктө), Бузашы (1 нүктө).

Гидрохимиялық бақылау 29 көрсеткіштер бойынша жүргізіледі: *көзбен шолу, су температурасы, сутегі көрсеткіші, еріген оттегі, қалқыма заттар, ОБТ5, ОХТ, құрамында тұзы бар негізгі иондар, биогенді және органикалық заттар, ауырметалдар*.

#### **4.1 Маңғыстау облысының аймағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі**

**Орталық Каспий** су температурасы 12,3-25,8 °С шегінде, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 7,8-8,9, мөлдірлігі – 79-95 см, суда еріген оттегі –6,9-9,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 – 1,7-3,5 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 12,8-22,6 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар -12,2-30,4 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 9614,4-20048,6 мг/дм<sup>3</sup>.

2 Қосымшада Орталық Каспий жер үсті су сапасының нәтижелері бойынша ақпарат.

#### **5. Тұптік шөгінділер сапасының жай-күйі**

Тұптік шөгінділер сапасына мониторинг Орталық Каспий теңізінің келесі нүктелерінде жүргізіледі: Құрық к. (3 нүктө), Адамтас маяғі (3 нүктө), Жығылған (1 нүктө), Қара Богаз шығанақ аймағы (1 нүктө, Суат (1 нүктө), Қызылқұм (1 нүктө); кен орындары – Қаражанбас (1 нүктө), Арман (1 нүктө), Бузашы (1 нүктө) – 13 алу нүктелері.

Мұнай өнімдері, мыс, хром, кадмий, никель, марганец, қорғасын, мырыш мөлшері анықталады.

#### **5.1 Маңғыстау облысы аумағындағы Каспий теңізінің тұптік шөгінділеріне жүргізілген мониторинг нәтижелері**

**Жағалау станциялары** теңіз түбіндегі шөгінді сынамаларында марганецтің мөлшері 1,0-1,40 мг/кг, хром- 0,013-0,057 мг/кг, мұнай өнімдері- 0,092-0,15 мг/кг, мырыш-0,36-1,12 мг/кг, никель-1,0-1,3 мг/кг, қорғасын-0,018-0,025 мг/кг және мыс-1,0-1,39 мг / кг.

**Кен орындары** теңіз түбіндегі шөгінділердің үлгілерінде марганецтің мөлшері 1,09-1,64 мг/кг, хром- 0,02-0,099 мг/кг, мұнай өнімдері-0,09-0,1 мг/кг, мырыш-0,52-0,63 мг/кг, никель 0,99-1,28 мг/кг, мыс-1,09-1,3 мг/кг және қорғасын-0,01-0,025 мг / кг.

**Орта және Оңтүстік Каспийдің шекаралас аумағы (Адамтас шамшырағы)** Теңіз түбіндегі шөгінді сынамаларында марганецтің мөлшері 1,1-1,28 мг/кг, хром-0,02-0,04 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,022 -0,044 мг/кг, мырыш- 0,3-0,7 мг/кг, никель 1,05-1,25 мг/кг, мыс-1,27-1,30 мг/кг және қорғасын-0,009-0,012 мг / кг.

**Құрық елді мекенінің** ауданы теңіз түбіндегі шөгінділердің үлгілерінде марганецтің мөлшері 1,19 - 1,61 мг/кг, хром-0,03-0,079 мг/кг, мұнай өнімдері-

0,021-0,049 мг/кг, мырыш-0,4-0,6 мг/кг, никель 1,19-1,7 мг/кг, қорғасын-0,009-0,012 мг/кг және мыс-1,27-1,46 мг/кг.

Тұстамалар бөлінісіндегі көрсеткіштер бойынша түптік шөгінділер жөніндегі ақпарат 3-қосымшада көрсетілген.

## **6. Маңғыстау облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі**

**Ақтау қаласында** «Каспий Ак» көлік салонының санитарлы қорғау аймағы аумағында, орталық жол аумағында, ЖЭС-1 Санитарлы-қорғау аймағы аумағында, 26 мәлтек ауданындағы №14 мектеп аумағында және «Ақбота» саябағы аумақтарында алынған топырақ сынамасында кадмий – 0,018-0,033 мг/кг, қорғасын – 0,004-0,006 мг/кг, мыс – 0,41-0,61 мг/кг, хром – 0,027-0,035 мг/кг және мырыш – 0,29-0,48 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

**Жанаөзен қаласында** алынған топырақ сынамасы спорткешен ауданы, №7 мектеп, мұнайшылар МҮ, «Әден» дүкені және «Бұргылау» ЖШС аудандарында алынған топырақ сынамасында кадмий – 0,026-0,035 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,004 мг/кг, мыс – 0,55-0,86 мг/кг, хром – 0,023-0,028 мг/кг және мырыш – 0,38-0,54 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

**Бейнеу кентінде** «Жібекжолы» ЖШС аумағында, орталық жол («Айко» ЖҚС), Алтынсарин атындағы № 2 мектеп, «БекетАта» мешіті және №1 жол айрығы аудандарында алынған топырақ сынамасында кадмий – 0,019-0,034 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,005 мг/кг, мыс – 0,87-1,12 мг/кг, хром – 0,028-0,036 мг/кг және мырыш – 0,59-0,78 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

**Форт – Шевченко қаласында** алынған топырақ сынамасы Мыңбаев атындағы мектеп ауданы, бұрынғы саябақ («Ая» кафесі), орталық жол, «Достық» қонақ үйі және Аджип ККО компаниясы (Казахстан НортКаспианОперейтинг Компаниясы) аудандарында алынған топырақ сынамасында кадмий – 0,026-0,041 мг/кг, қорғасын – 0,005-0,008 мг/кг, мыс – 0,86-1,20 мг/кг, хром – 0,024-0,035 мг/кг және мырыш – 0,49-0,74 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

**Қошқар-Ата қалдық сақтау қоймасы** ауданында алынған топырақ сынамасындағы кадмий 0,085 мг/кг, қорғасын 0,053 мг/кг, мыс 1,06 мг/кг, хром 0,042 мг/кг және мырыш 0,75 мг/кг рұқсат етілген нормадан аспады.

**Өмірзақ (3 нүктө), Жетібай (3 нүктө), Ақшүкір (3 нүктө) кентінде** алынған топырақ сынамасындағы кадмий – 0,022-0,040 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,009 мг/кг, мыс – 0,72-1,27 мг/кг, хром – 0,019-0,034 мг/кг және мырыш – 0,40-0,65 мг/кг шамасында болып, рұқсат етілген норма көлемінен аспады.

**Арнайы экономикалық аймағында (АЭА)** алынған топырақ сынамасындағы мұнайөнімдері – 0,024-0,043 мг/кг, марганец – 0,96-1,60 мг/кг, мыс – 0,50-0,80 мг/кг, хрома – 0,024-0,038 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,004 мг/кг, мырыш – 0,25-0,71 мг/кг, никель – 1,20-1,70 мг/кг шамасында болды және рұқсат етілген нормадан аспады.

## **6.1 Маңғыстау облысы кен орындарындағы топырақтың жай-күйі**

Топырақ жай - күйіне бақылау **Дұнға, Жетібай** кенорынында 3 бақылау нүктелерінде, **Қаражанбас және Арман** кенорындарында 1 бақылау нүктелерінде жүргізілді.

Топырақ сынамасында мұнай өнімдері, хром (6+), марганец, қорғасын, мырыш, никел, мыс анықталды.

Топырақ топырақ сынамасындағы мұнайөнімдері – 0,055-0,220 мг/кг, марганец – 0,90-2,30 мг/кг, мыс – 1,05-1,80 мг/кг, хрома – 0,028-0,047 мг/кг, қорғасын – 0,004-0,009 мг/кг, мырыш – 0,15-0,90 мг/кг және никель – 1,19-1,70 мг/кг шамасында болды.

Дұнға, Жетібай Қаражанбас және Арман кенорынында мұнай өнімдері, хром (6+), марганец, қорғасын, мырыш, никел, мыс құрамы рұқсат етілген норма шамасында болды.

## **7. Радиациялық жағдай**


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 4 метеорологиялық стансада (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар-Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (№2 ЛББ) 1 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06-0,15 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.


Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің тұсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.12-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің тұсу тығыздығы 1,4 – 2,7 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті тұсулердің орташа тығыздығы 1,9 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.


## 1-қосымша




1 сурет – Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасуының сыйзбасы



2 сурет – Жанаозен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасуының сыйзбасы



3 сурет – Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сыйбасы



4 сурет – Қошқар-Ата к/к экспедициялық нүктелерінің орналасу орындарының картасы

## 2 Қосымша

### Маңғыстау облысының аумағындағы Каспий теңізінің жер үсті сулары сапасының нәтижелері

	Ингредиенттердің атауы	Өлшем бірлігі	3 тоқсан
			2024 ж
			Орталық Каспий
1	Көзбен шолу		су бөлгөде заттарсыз, бояуларсыз
2	Температура	°C	20,446
3	Сутегі көрсеткіші		8,089
4	Еріген оттегі	МГ/дм3	8,021
5	Ашықтық	см	87,625
6	Қалқыма заттар	МГ/дм3	17,157
7	ОБТ5	МГ/дм3	2,325
8	ОХТ	МГ/дм3	16,839
9	Гидрокарбонаттар	МГ/дм3	208,404
10	Минерализация	МГ/дм3	11666,402
11	Натрий	МГ/дм3	1975,711
12	Калий	МГ/дм3	87,725
13	Құргақ қалдық	МГ/дм3	9209,993
14	Кальций	МГ/дм3	240,8
15	Магний	МГ/дм3	536,1
16	Сульфаттар	МГ/дм3	2744,93
17	Хлоридтер	МГ/дм3	5869,929
18	Фосфаттар	МГ/дм3	0,09
19	Жалпы фосфор	МГ/дм3	0,01
20	Нитритті азот	МГ/дм3	0,018
21	Нитратты азот	МГ/дм3	1,614
22	Жалпы темір	МГ/дм3	0,039
23	Тұзды аммоний	МГ/дм3	0,477
24	Корғасын	МГ/дм3	0,008
25	Мыс	МГ/дм3	0,0108
26	Мырыш	МГ/дм3	0,014
27	АББ3 /СББ3	МГ/дм3	0,024
28	Фенолдар	МГ/дм3	0,001
29	Мұнай өнімдері	МГ/дм3	0,036

**Каспий теңізінің тұбіндегі шөгінділер туралы ақпарат  
Маңғыстау облысының аумағында**

<b>Водный объект и створ</b>	<b>Анализируемые компоненты</b>	<b>Концентрация</b>
Орта Каспий – Құрық ауылы	Мыс, мг / кг	1,27-1,46
	Марганец, мг/кг	1,19-1,61
	Хром, мг/кг	0,03-0,07
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,021-0,049
	Қорғасын, мг/кг	0,009-0,012
	Мырыш, мг/кг	0,4-0,6
	Никель, мг/кг.	1,19-1,7
Орта Каспий – маяк Адамтас	Мыс, мг / кг	1,23-1,3
	Марганец, мг/кг	1,1-1,28
	Хром, мг/кг	0,02-0,04
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,022-0,044
	Қорғасын, мг/кг	0,01-0,01
	Мырыш, мг/кг	0,3-0,7
	Никель, мг/кг.	1,05-1,25
Қара Болаш	Мыс, мг / кг	1
	Марганец, мг/кг	1,28
	Хром, мг/кг	0,039
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,13
	Қорғасын, мг/кг	0,025
	Мырыш, мг/кг	0,74
	Никель, мг/кг.	1,12
Қызылкүм	Мыс, мг / кг	1,39
	Марганец, мг/кг	1,4
	Хром, мг/кг	0,057
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,15
	Қорғасын, мг/кг	0,019
	Мырыш, мг/кг	1,12
	Никель, мг/кг.	1
Жығылған	Мыс, мг / кг	1,22
	Марганец, мг/кг	1
	Хром, мг/кг	0,013
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,11
	Қорғасын, мг/кг	0,025
	Мырыш, мг/кг	0,36
	Никель, мг/кг.	1,3
Суат	Мыс, мг / кг	1,19
	Марганец, мг/кг	1
	Хром, мг/кг	0,022
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,092
	Қорғасын, мг/кг	0,018
	Мырыш, мг/кг	0,4
	Никель, мг/кг.	1,29
Бузашы	Мыс, мг / кг	1,09
	Марганец, мг/кг	1,3
	Хром, мг/кг	0,019
	Мұнай өнімдері, мг/кг	1
	Қорғасын, мг/кг	0,012
	Мырыш, мг/кг	0,6
	Никель, мг/кг.	1,28
Каражанбас	Мыс, мг / кг	1,27
	Марганец, мг/кг	1,09

	Хром, мг/кг	0,05
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,09
	Қорғасын, мг/кг	0,02
	Мырыш, мг/кг	0,52
	Никель, мг/кг.	1
Арман	Мыс, мг / кг	1,3
	Марганец, мг/кг	1,64
	Хром, мг/кг	0,099
	Мұнай өнімдері, мг/кг	0,089
	Қорғасын, мг/кг	0,025
	Мырыш, мг/кг	0,63
	Никель, мг/кг.	0,99

**Елді-мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ)**

Қоспаның атауы	ШЖШ мәні, мг/м³		Қауіптілік класы
	максимальді бір ретті	орта-тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азотоксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма заттар (бөлшектер)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшала	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртті сутек	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы №ҚРД СМ-70 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 тамызда № 29011 болып тіркелді.

**Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау**

Градациялар	Дәрежесі атмосфераның ластануы	Атмосфера ластануының корсеткіштері	Бір жылғы бағалау	
			СИ ЕЖК, %	0-1 0
I	Төмен	СИ ЕЖК, %	2-4 1-19	5-10 20-49
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖК, %	5-10 20-49	>10 >50
III	Жоғары	СИ ЕЖК, %	5-10 20-49	>10 >50
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖК, %	5-10 20-49	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667-2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға, баяндауғажән немағандауға қойылатын жалпыталаптар.

## **Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген мөлшері**

<b>Заттың атауы</b>	<b>Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг</b>
Корғасын	32,0
Хром	6,0

\* «Тишилік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдең № КРДСМ-32 үйреткендегі

## **Радиациялық қауіпсіздік нормативі\***

Стандартталған мәндер	Доза шектері
Тиімді доза	Халықтың орналасуы Жылына орта есеппен алғанда 1 мЗв кез келген 5 жыл ішінде 5 мЗв аспайды

\* «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № КРДСМ-90 үйреткендегі.

**«АҚТАУ ТЕҢІЗ ПОРТЫ» АЭА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЕКЕТИНІҢ  
СЫНАҚ ЗЕРТХАНАСЫ "ҚАЗГИДРОМЕТ"  
РМК МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ**

**МЕЖЕН-ЖАЙЫ:  
АҚТАУ ҚАЛАСЫ  
ТЕҢІЗ ПОРТЫ АУДАНЫ  
ТЕЛ. 8-(7292)-44-53-81**

**E MAIL:ILEP\_MNG@METEO.KZ**